



Өзекті мәселелер талқыға түсті

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев пен басқарма басшылары Бұқар жырау ауданының тұрғындарымен жүздесті. Кездесу Ғабиден Мұстафин атындағы кенттің мәдениет үйінде өтті. Аудан тұрғындары түрлі сұрақтарына жауап алды.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Олардың көпшілігі облыс басшысымен көзбе-көз жолыққысы келді. Арасында жеке бастық мәселесімен емес, бүкіл елді мекен тұрғындарының мүдделерін білдіргендер де болды.

– Мен Мұстафин ауылы тұрғындарының атынан жүгіндім. Нұра өзені арқылы өтетін көпірдің қашан салынатынын сұрадым. Облыс әкімі мен аудан басшысы «Көпір келесі жылы болады!» деп уәде берді. Бұл – халық үшін экономикалық және стратегиялық маңызды нысан. Біздің ауылдың көптеген тұрғыны қалада жұмыс істейді. Оған жету үшін Актау арқылы жүру керек. Егер олар көпір салса, тіке жол арқылы уақыт пен жанармайды үнемдей алады, – дейді зейнеткер Петр Федченко.

Суықсу ауылының тұрғыны Оспан Нұрланов туған ауылында бұрынғы мектептің үш қабатты ғимаратын жөндеу қажеттігін алға тартады. Қазір ол қанырап бос тұр. Ауыл белсендісі оны балалар мен жастарға арналған спорт клубына айналдыруды ұсынады. Сонымен қатар, ол Суықсу ауылынан Ақбастауға дейінгі 5 шақырым жолдың жөндеуіне қатысты алаңдайтынын жеткізді. Аймақ басшысы «Бұл учаске келесі жылы асфальталады» деді. Бұрынғы мектеп ғимаратын қайта құру мәселесі де қарастырылмақ.

– Мен кездесудің осы форматына ризамын. Өзімді мазалап жүрген көкейімдегі сұрақтарымды қойып, толық жауап алдым. Әйтеуір, бізге құлақ түрді. Толық тыңдады. Ешқандай кедергі болған жоқ. Ұсыныстарымыз қаралады деп үміттенемін, – деп бөлісті Оспан Нұрланов.

Ал, Центральное және Петровка ауылдарының жаттықтырушылары жастарға арналған спорт залының тапшылығы бар

екенін ортаға салды. Ботақара кентінің жергілікті өзін-өзі басқару мүшелері болса, септиктерді тазартудың жоғары тарифіне шағымданып, ұсынысын айтты.



Бұдан бөлек, аудан тұрғындары ауылдарды абаттандыру, сапалы сумен жабдықтау мәселелерін көтерді.

Облыс әкімі олардың шағымы мен ұсынысын жазып алып, әрбір өтінішті жеке пысықтауды тапсырды.

– Барлық сұрақ менің жеке бақылауымда болады. Бірде-бір

Сондай-ақ, аймақ басшысы Бұқар жырау ауданында жүріп жатқан егін жинау барысымен танысты.

Ол «Баймырза Агро» ЖШС және «Нұр СХ» жетекші ауыл шаруашылығы құрылымдарының картоп және астық қоймасына барды. Биыл олар шамамен 25-30 мың тонна бидай өнімін алып,



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ



картоп және арпа өсірген.

Компаниялардың егіс, суару және егін жинаудың барлық процесі автоматтандырылған. Егіс-тіктерде суды үнемдеуге мүмкіндік беретін заманауи дөңгелек тамшылап суару машиналары орнатылған. Фермерлер нақты егіншілік жүйесін қолданып келеді. Ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру дәлдігі үшін GPS-навигаторлар техникасы да пайдаланылады.

Жалпы, Бұқар жырау ауданы бойынша дәнді дақылдарды жинау алаңы 158,6 мың гектарды құрайды. Картоп жинау алқабы 2218 гектар. Басқа көкөністерді 193 гектар алқаптан жинау жоспарлануда.

Егін жинау науқанына 339 шаруашылық, 235 астық жинайтын комбайн және 33 бірлік картоп жинау техникасы жұмылдырылған.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• ТАҒАЙЫНДАУ

Саранда – жаңа әкім

Саран қаласының жаңа әкімі таныстырылды. ҚР Президенті Әкімшілігінің және қалалық мәслихат депутаттарының келісімі бойынша бұл лауазымға Саран қаласы әкімінің орынбасары қызметін атқарған Еркін Баулықов тағайындалды.

Қаланың жаңа басшысын Қарағанды облысы әкімінің орынбасары Ермек Алпысов қалалық мәслихаттың кезектен тыс сессиясында таныстырды. Депутаттар кандидатураны мақұлдады.

Облыс әкімінің орынбасары қаланы дамытудың басым бағыттарын белгілеп, Саранның жаңа басшысының алдына міндеттер қойды.

Еркін Баулықов – 2016 жылдан 2019 жылға дейін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінде түрлі лауазымдарда жұмыс істеді. Сондай-ақ, елордада Ұлттық экономика министрлігінің Мемлекеттік басқару жүйесін дамыту департамен-



тінде еңбек етті. Кейін Саран қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімін басқарды.

2021 жылғы желтоқсаннан бастап, осы тағайындауға дейін Саран қаласы әкімінің орынбасары қызметін атқарды.

• ЕЛ ҚОРҒАНЫ

Ерлік ескерусіз қалмайды

«Ер елі үшін туады» демекші, Қарағанды өңірлік гарнизоны әскери полиция басқармасының үш әскери қызметшісі өрт кезінде баланы құтқарғаны үшін марапатталды.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ерен ерлерге «Ерлігі үшін» медалі мен Алғыс хатты Төтенше жағдайлар министрі генерал-майор Сырым Шәріпханов арнайы табыстады.

Марапатталғандардың арасында «Өртте көрсеткен қайсарлығы үшін» медалін алған сержант Жандос Айтқали, Алғыс хатқа ие болған ефрейторлар Ізбасар Төлеутай мен Шыңғыс Еркәнат бар.

«Восток-2» шағынауданындағы көппәтерлі үйдің бірін-

де 25 тамызда өрт орын алған. Әскери қызметшілер өтіп бара жатып, бірінші қабаттағы пәтердің терезелерінен қалың түтінді байқап, тілсіз жаудың қауіпін анық аңғарады. Куәгерлердің бірі жанып жатқан бөлмеде бала болуы мүмкін деп хабарлаған.

Сержант Жандос Айтқали еш ойланбастан бірден терезеден пәтерге кіріп, түпкі бөлмеде қалып қойған баланы тауып, оны сыртта тұрған әріптестеріне береді. Көп ұзамай өрт сөндірушілер келіп, өртті сөндіруге кіріскен болатын.

• БРИФИНГ

Көліктер жіті бақылауда

Теміржолдағы пойыз, тасжолдағы автокөлік, өзен-көлде жүрген кемелердің шамадан тыс жүк артпауын, арнайы талаптарды бұзбауын қадағалайтын арнайы мекеме бар. Біздің өңірде – Қарағанды облысы бойынша көліктік бақылау инспекциясы. Өткен сегіз айдың қорытындысын Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында осы инспекция басшысының орынбасары Дастан Жұмағұлов айтып берді.

2023 жылдың 8 айында инспекция 5169 автокөлікті тексерген болатын. Оның 2622-і бекеттерде. Айта кету керек, өткен жылдың осы уақытымен салыстырғанда бұл көрсеткіш 45 пайызға артқан.

– Ал, 2547 көлікті тексеру техникалық қызмет көрсету орталықтарында жүргізілді. Нәтижесінде көлік заңнамасын бұзудың 1171 фактісі тіркелді. Оның 1079-ы – бекетте, 92-і – техникалық қызмет көрсету орталықтарында анықталды. Бақылау-қадағалау қорытындысы бойынша 61 млн. 851 мың теңге айыппұл өндірілді, – дейді Дастан Жұмағұлов.

Басқарма басшысы орынбасарының айтуынша, ауыр жүк көліктерінің тәртіпті бұзған 113 фактісі тіркелген. Оның 87-сі ауыр жүкті асыра артқан болса, 19-ы өлшемін көбейтіп жіберген. Сонымен қатар, арнайы рұқсатнаманы бұзған 8, 10 тауар жіберушінің белгіленген нормадан жүк тиегені және тасымал тәртібін бұзған, қауіпті заттар тиеген 18 көлік анықталған.

Көлік инспекциясы жолаушылар пойыздарының жағдайына да бақылайды. Осы уақытта инспекторлар 19 жолаушылар пойызына тексеру жүргізді. Осы тексеріс барысында 35 заң бұзушылық тіркелді. Оның сегізі өрт қауіпсіздігін, жетеуі санитарлық ережелерді, он төрті басқа да талаптарды бұзғаны анықталды.

Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ

Вокзал маңы абаттандырылады

Дерекке сүйенсек, биыл Қарағандыда 86 шақырымға жуық автокөлік жолы жөнделген. Жеке секторға көп көңіл бөлініп, қара жолдардың орнына асфальт төселіпті. Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев жолдарды жөндеу бойынша жылжымалы кеңес өткізді. Аймақ басшысы жұмысын ірі қалалық жобалардың бірі – Космонавттар көшесінен бастады.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Мұнда жол төсемін қайта құру және нөсер көрізін орнату жүріп жатыр.

Мердігер «Қазан айының соңына дейін Космонавттар көшесінде көлік қозғалысы ашылады» деп уәде береді. Жол төрт жолақты болмақ.

– Өзірге екі қабат асфальт салдық. Жоғарғы қабатын келесі жылға қалдырамыз. Қазірдің өзінде 1,5 шақырым нөсер көрізі салынды. Бұған дейін суағар болған жоқ. Жаңбырдың салдарынан бір айға жуық уақыт толық жұмыс істей алмадық. Қазір асфальтты тәулік бойы қабылдап жатырмыз. 60-тан астам адам және 28 бірлік техника бар. Сонымен қатар, біз жаяу жүргінші жолын жасап, жиектастар қоямыз, жарықтан-дыру тіректерін орнатамыз. Енді Гоголь көшесіне дейін 400 метр қалды. Асфальт төсеп, қазан айының соңына дейін жолды ашуды жоспарлап отырмыз. Келесі жылы толық тапсырамыз, – дейді жоба жетекшісі Георг Согоян.

Ермағанбет Бөлекпаев Сарыарқа көшесіндегі жолдың орташа жөндеуін тексерді. 1,5 шақырым ұзындықта қиыршық тас-мастикалық асфальттың жоғарғы қабатын төсеу жүріп жатыр. Шұңқырлар мен ойдым жерлер жойылып, талапқа сай болады. Егер ауа райы қолайлы болса, мердігер барлық жұмысты аптаның соңына дейін аяқтауды көз-деп отыр.

Облыс әкімі Қарағанды қаласының әкімі Мейрам Кожуховқа



жолдарды жөндеу бойынша барлық жұмыстарды жеке бақылауда ұстауды тапсырды. Сапаға көбірек көңіл бөлу және жұмыстың уақыты орындалуы керектігін баса айтты. Тұрғындардың жөндеу жүріп жатқанда қолайсыздықты сезінбеуі қажеттігін де арнайы атап өтті.

– Келесі жылы міндетті түрде вокзал маңындағы алаңда жұмысты бастау керек. Адамдарға ыңғайлы болатындай етіп, саябақ-



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

жұмыстары 175 шақырымдық учаскелерде жүріп жатыр. 11 жобаның жетеуі аяқталып, басқаларында жұмыс жалғасуда екен.

ты абаттандырыңыздар. Субұрпақты таза және ұқыпты ұстаңыздар. Бұл алаң – қаланың бет-бейнесі, – деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Шындығында, вокзал – қалаға келген-кеткеннің көзіне түсетін басты қоғамдық орын. Сондықтан, вокзалдың маңайы таза әрі көрікті болуы тиіс. Аймақ басшысының бұл бастамасының өте орынды екенін айтқымыз келеді.

Жолдарға орташа жөндеу

– Үлкен жоба – «Абай-Қарабас Жартас-Долинка» бағыты. Биыл 21 шақырымның 15 шақырымына жоғарғы қабаты төселді. Коммуникацияларды дайындаймыз да, келесі жылы жөндеуді аяқтаймыз. «Новодолинка-Шахан-Молодецкое» жолы – 98% дайын. Оның жалпы ұзындығы – 17 шақырым. Екі көпірге кірер жолдарды аяқтаймыз, жол таңбаларын салып жатырмыз, белгілер орнатылған. Жолды биыл ашамыз. Нұра және Соқыр өзендері арқылы өтетін көпірлерді қайта жаңарту іс жүзінде аяқталды. Биыл тапсырамыз, – деді жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының басшысы Максұт Қожанов.

Қазір облыста жол жөндеу қарқынды жүріп жатыр. Астана маңындағы алып шаһар үшін бұл – заңды құбылыс. Жол жақсарса, дами түсеріміз сөзсіз.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТТА

Аймақ тынысы – депутаттар назарында

Облыстық мәслихаттың VII сессиясында депутаттар аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаевтың есебін тыңдады. Әкім халық қалаулыларына атқарылып жатқан және аяқталған жұмыстар бақында баяндады. Одан бөлек, әлеуметтің осал тобына кіретін отбасыларды баспанамен қамтамасыз ету мәселесі басты назарға алынды. Мектептер құрылысы мен өңір экономикасының ахуалы да маңыздылар қатарында.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Инвестиция – ел игілігіне

Облыстық мәслихаттың төрағасы Нұркен Кобжанов сессияда тоқсанаралық қорытынды шығатынын атап өтті. Сол арқылы жұмыстарға талдау жасалатынын жеткізді.

– Бүгін біз жергілікті атқарушы органдардың, депутаттық корпусының және өңіріміздің барлық тұрғындарының ортақ жұмысының нәтижесі болып табылатын тоқсанаралық қорытындыларды шығарамыз. Тыңдалатын есеп бізге атқарылған жұмыстарға талдау жүргізуге, динамиканы атап өтуге, шешілмеген мәселелерге объективті қарауға және өңіріміздің одан әрі даму жолдарын анықтауға мүмкіндік береді, – деді төраға.

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев облыс аумағында ауқымды жұмыстар атқарылып жатқанын атады. Мәселен, экономиканы одан әрі дамыту және жаңа жұмыс орындарын ашу үшін жаңа инвесторларды іздеу мақсатты әрі тұрақты түрде қолға алынған. Соның нәтижесінде кейінгі 8 айда аймаққа тартылған инвестиция көлемі 451 млрд. теңге. Экономикаға «KamaTyresKZ» шина зауыты, «Сарыопан» кен орны, «Шұбаркөл Көмір» АҚ-ның арнаулы кокс өндірісі және тағы басқа жобалар серпін беруде. Бұл орайда құйылған инвестициялар көлемі 16,9 пайызға өскен. Соның ішінде, құрылыста – 5,1 пайыз, саудада – 11,3 пайыз, көлік саласы қызметтерінде 13,1 пайыз өсім бар. Сонымен қатар, өнім өндіруде де ілгерілеушілік байқалады. Осылайша, жергілікті бюджетке түсетін түсімдер шамамен 162 млрд. теңге, яғни, жоспарлы көрсеткіштің 111 пайызы.

Кәсіпкерлердің де іскерлік белсенділігі артып келеді. Бүгінде облыс тұрғындарының 45 пайызы шағын және орта бизнесте нәпақа тауып отыр. Бұл – 237 мың тұрғын. Жалпы, аймақта кәсіпкерлікті қолдаудан кемдік жоқ. Осы жылдың 8 айында 32,9 млрд. теңге сомасына 4,6 мың жоба қаржылай қолдау алған. Жыл соңына дейін бизнесті қолдау жобаларының портфелін 5,5 мыңға жеткізу міндеті тұр. Осы айда 3 пайыз мөлшерлемесімен шағын және орта бизнеске жеңілдетілген несие берудің жаңа бағдарламасы басталған. Облыстық мәслихат депутаттарының қолдауымен бизнеске салық жүктемесін төмендету мақсатында біздің аймақ елімізде бірінші болып, бөлшек салық мөлшерлемесін екі есеге төмендетті. Осы өзгерістен кейін өңірімізде салық төлеушілердің саны 4 есеге көбейген екен. Экономиканың тағы бір драйвері – ауыл шаруашылығы. Аймақта бұл салада да ілгерілеу бар.

– Экономиканы дамытудың негізгі драйверлерінің бірі – ауыл шаруашылығы саласы. Мал шаруашылығы өнімдерін өндіруді ұлғайтуда оң динамика байқалады. Ауыл шаруашылығы дақыл-



дары себілетін егіс алқаптары ұлғайды. Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер арзандатылған жанармаймен толық қамтамасыз етілді.

Ұзақ уақытқа созылған нөсер жаңбырға байланысты алынған өнімнің өнімділігі мен сапасына қатысты мәселе туындап, ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің қаржылық жағдайының нашарлауына әкелуі мүмкін. Оларды қолдау үшін біз «Бәйтерек» холдингінің «Аграрлық несие корпорациясы» және «ҚазАгроҚаржы» сияқты еншілес ұйымдарының ішкі құжаттарын қайта қарау туралы мәселеге бастамашылық жасадық. Осылайша кейінге қалдыруды пайдаланған шаруалар келесі жылы несие алады. Сондай-ақ, қолда бар үнемделген ақшалай қаражатты ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер алдындағы борыштарды өтеуге қосымша қайта бөлу қажет, – деді аймақ басшысы.

Тіршілік түйткілдері: үй, жылу, жол, мектеп

Облыс аумағында кейінгі 8 айда шамамен 279 мың шаршы метр



тұрғын үй пайдалануға беріліпті. – 8 айда халықтың әлеуметтік осал топтары үшін 78 пәтер сатып алынды, оның ішінде 44 пәтер көпбалалы отбасыларға берілді.

Жыл соңына дейін кезекте тұрғандар үшін бюджет есебінен 1000-ға жуық жалға берілетін пәтер салу және сатып алу міндетін қойып отырымыз. Бүгінде жас мамандарға 55 жеңілдетілген ипотекалық қарыз беріліп, 75

өтінім қаралуда, – деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Баспана көбейген. Қозғалыс бар. Бірақ, көптің көкейінде – көпқабатты үйлердегі ескірген же-

оқулықтармен және компьютерлік техникамен толық жабдықталған. Биыл 115 нысанға жөндеу жұмыстары жүргізілді. 29 ауылдық мектепті жаңғырту аяқталуда. 7 ірі

спорт нысандарының құрылысы мен реконструкциясы жүргізілуде. Қарқаралы ауданының Талды ауылында 200 орындық және Бұқар жырау ауданының Ново-стройка ауылында 150 орындық мектеп құрылысы жалғасуда, – деді облыс әкімі.

Автобус паркі жаңарады

Әкім өңірдегі автобус паркіне тоқталды. Себебі, бұл сала ерекше көңіл бөлуі қажет етіп тұр. Бірер жыл бұрын қоғамдық көліктердің жартысынан көбі ескірген деп шуласқан едік. Әсіресе, қыс кезінде техника бірінен соң бірі сынып, қаладан қалаға, аялдамадан аялдамаға қатынау қиынға соғатын. Биыл оң өзгеріс көп.

– Автобус паркін жаңартуды мықтап қолға алдық. Биыл 195 жаңа автобус сатып аламыз. Оның 44-і серіктес қалаларға қатынайды. 95 автобус жеткізілді. Жыл соңына дейін тағы 100 автобус жеткізіледі деп күтілуде. Автобустар отандық автоөндіруші «QazTehna» Саран зауытынан сатып алынады. Осы шаралардың арқасында автобустар айтарлықтай жаңарды, – деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Ермағанбет Бөлекпаев қазіргі уақытта облыста стратегиялық және бюджеттік жоспарлау, бюджетті атқару процестерін цифрландыратын «Акимаг365» ақпараттық жүйесін енгізу бойынша жұмыс жүргізіліп жатқанын айтты. Депутаттарға жүйе таныстырылып, оның нақты елді мекен мысалында қалай жұмыс істейтіні көрсетілді. Оны енгізу – бюджеттік процестерді ашық етеді.

Халық қалаулылары неге аландаулы?

Облыс әкімінің есебінен кейін халық қалаулылары сөз алды. Облыстық мәслихаттың депутаты Серғазы Әдекенов ғылым мен инновация негізінде экономи-

каны дамыту қажеттілігіне баса назар аударды. Инновациялық инфрақұрылымды, бизнес-инкубаторларды, коммерцияландыру орталықтарын, технопарктер мен конструкторлық бюролар құру бойынша жеке бастамаларды қолдаудың декларативті емес, пәрменді шаралары қажет екенін айтты.

– Жобаларға отандық және шетелдік инвесторлардың қызығушылығын арттыру үшін барлық құқықтық және қаржылық мәселелерді шешу қажет. Облыстың айтарлықтай ғылыми-техникалық әлеуеті зор. Бізде 6 университет, 5 ғылыми-зерттеу орталығы мен институт жұмыс істеп тұр. Аймақтың университеттері мен ғылыми-зерттеу институттары ғылым, білім және өндірісті интеграциялау саласында айтарлықтай тәжірибеге ие, – деді Серғазы Әдекенов.

Депутат Қадияша Оспанова дуальді білім (теорияны өндіріспен ұштастыра оқыту технологиясы) беруді жетілдіру, жастар кәсіпкерлігін, жаңа секторлардың экономикасын, креативті индустрия мен IT-секторды дамыту, медициналық инфрақұрылымды жақсарту, медициналық кадрлардың біліктілігін арттыру мәселесін көтерді.

– Біз денсаулық сақтау мәселелерін үнемі бақылауда ұстаймыз. Халықтың өз денсаулығына, саламатты өмір салтына деген ортақ жауапкершілігін қалыптастыру бағытында көзқарастарды қайта қарау қажет, – деді Қадияша Оспанова.

Депутаттық корпус облыс әкімінің өзіне жүктелген функциялар мен міндеттердің орындалуы туралы есебін назарға алды. Өңірді одан әрі дамыту үшін болашаққа арналған жоспарлар мен ортақ міндеттер белгіленді.

Сессияда жоспарлы мәселелердің қатарында халықты, оның ішінде, әлеуметтік осал топтарды тұрғын үймен қамтамасыз ету жөніндегі істердің жай-күйі туралы мәселе қаралды. Оны зерделеу үшін облыстық мәслихат төрағасының әкімімен уақытша жұмыс комиссиясы мен жұмыс топтары құрылды. Топтардың құрамына облыстық мәслихат депутаттары, уәкілетті органдардың, әкімдіктердің және аудандық мәслихаттардың өкілдері енгізілді.

– Комиссия жұмысы шеңберінде халықты, оның ішінде әлеуметтік осал топтарды тұрғын үймен қамтамасыз ету жөніндегі істердің жай-күйі туралы мәселе қалалар мен ауылдық өңірлерде, комиссияның кеңейтілген жиындарында және облыстық басқармалардың, әкімдік өкілдерінің, қалалық және аудандық төрағалардың қатысуымен өткен жиындарда егжей-тегжейлі талқыланды, – деді облыстық мәслихаттың төрағасы Нұркен Кобжанов.

Депутат Бейбіт Досжанов өңірдегі тұрғын үй қорын жаңарту және мемлекеттік-жекеменшік әріптестік қағидаттарын белсенді енгізу, құрылыс жұмыстарының сапасын, құрылысшылардың жауапкершілігін арттыру қажеттігіне назар аударды.

– Облыста тұрғын үймен қамтамасыз ету тақырыбы бүгінгі күнге дейін өзекті болып тұр. Екі жыл бұрын өткен шақырылымның депутаттары бұл мәселені көтерген. Пысықтау қорытындысы бойынша негізгі тәуекселдер анықталды. Бұл – сатып алу қабілетінің және құрылыс салушылар үшін кредиттік ресурстардың қолжетімділігінің төмендігі, инфрақұрылым объектілерінің құрылысын қаржыландыруға қаражаттың жетіспеушілігі мен тағы да басқалары.

Құрылыс кезінде әлеуметтік стандарттарды іске асыру үшін қандай шешімдер қажет екендігі туралы ойлану өзекті болып отыр. Осыған байланысты, депутаттық корпус аумақты кешенді салу осындай мүмкіндікті көздейтін әлеуметтік объектілерді қатар іске қосқан жағдайда ғана тұрғын үй салуға рұқсат беру мүмкіндігін қарауды ұсынады. Бұдан басқа, жалға берілетін тұрғын үй нарығын және әлеуметтік жалдау бағдарламалары бойынша ұсынылатын тұрғын үйді дамытуды одан әрі ынталандыру қажет, – деді Бейбіт Досжанов.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ





• ЖӘРМЕҢКЕ

Жұмыссыз жастарға мүмкіндік

Қарағандыдағы «Таир» сауда үйінде қала әкімдігінің қолдауымен жастарға арналған «Мүмкіндіктер алаңы» бос жұмыс орындар жәрмеңкесі өтті. Келушілерге білім беру, денсаулық сақтау, өнеркәсіп, қызмет көрсету, сауда салаларындағы сұранысқа ие кәсіптер, оның ішінде, жұмысшы мамандықтар бойынша 40-тан астам мекемеден 700-ден астам бос жұмыс орны ұсынылды.

Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жәрмеңке жұмыс берушілер мен жастар арасынан ізденушілер арасында бос жұмыс орындары, жұмысқа орналасу және еңбек жағдайлары туралы ақпарат алмасуға және кездесуге ықпал ететін алаң ұйымдастыруды мақсат етті. Сондай-ақ, жұмыс іздеуді жеңілдетуге, жұмыс берушілерге білікті қызметкерлерді табуға және жұмысқа қабылдауға мүмкіндік берді.

– Мұндай жәрмеңкелер Қарағанды қаласында ай сайын өткізіліп келеді. Басты мақсат – жұмыссыз жүрген жастарды жұмысқа тарту. Бос жұмыс орындар жәрмеңкесі жұмыс іздеушілер мен



жұмыс берушілерді бетпе-бет жүздестіруді де мақсат етеді. Аталған шара Еңбек күні қарсаңында ұйымдастырылып отыр. Бас бостандығы қалпына келген тұлғаларды да жұмыспен қамту нысанаға алынды. Олармен жеке кездесу

ген немесе кәсіби дамудың жаңа мүмкіндіктерін іздейтін жастар да табылды. Мәселен, педагог-психолог мамандығы бойынша жұмыс істеген Райхан Аманбай білім беру мекемелерінен немесе басқа да ұйымдардан жаңа жұмыс іздеп

дықтар бойынша кеңес берді және жұмыс ұсынды.

– Облыстық клиникалық ауруханаға терапевт дәрігерлер, әсіресе, перинаталды орталықтарға медбикелер қажет және санитар, көлік жүргізушілері керек. Бізге жалақы 160 мыңнан басталады. Жыл сайынғы емдеу-сауықтыру жәрдемақысы беріледі. Қызметкерлерді медициналық тексерістен тегін өткіземіз және арнайы киіммен қамтамасыз етеміз, – деді облыстық клиникалық аурухананың персоналды басқару қызметінің басшысы Алтынгүл Шаймерденова.

Төтенше жағдайлар министрлігіне қарасты №52859 әскери бөлімінің капитаны Үсен Бейімбетов жұмыс ұсынатын осындай жәрмеңкелерге әскери бөлім үнемі қатысып келе жатқанын, нәтижесі де бар екенін айтты.

– Бізге жүргізушілер, механик мамандар, байланысшылар, IT мамандары, бағдарламашылар қажет. Әскери бөлімде қызметкерлердің ең төменгі жалақысы 160 мыңнан басталады. Сондай-ақ, әскери шенге, сыныптық шеберлікке қосымша ақы төленеді. Отбасындағы әр адам басына ай сайын тұрғын үй төлемақысы да қарастырылған. 10 жылдан асса еңбек демалысына жыл сайын 5 күннен қосылып отырады. Біз жұмыс ұсынатын осындай барлық жәрмеңкеге қатысып келе жатымыз. Бүгінде 6 офицер, онға жуық сержант жұмысқа қабылданды, – деді Үсен Бейімбетов.

Бүгінгі таңда Enbek.kz электронды еңбек биржасында Қарағанды қаласы бойынша 2000-нан астам бос жұмыс орны ұсынылған.

Сондай-ақ, жастар жәрмеңкеде «Жастар тәжірибесі», «Бірінші жұмыс орны» «Ұрпақтар келісімшарты» бағдарламалары бойынша кеңес алды.

Суреттерді түсірген
Александр МАРЧЕНКО
ҚАРАҒАНДЫ

• КӨРМЕ

«Талаптың мініп тұлпарын...»

«Алтын ғасыр» галереясында жаңа көрме. Көрме – халықтың әлеуметтік осал топтарын қолдауға арналған және «Балалар шығармашылығының инклюзивті көрмесі» болып табылады. Бұл – алғашқы осындай жалпы қалалық коммерциялық емес экспозициялар көрмесі. Десек те, ұйымдастырушылардың жас авторлардың шығармашылық әлеуетін ашу үшін ұзақ уақыт төккені көрініп тұрды.

Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жаңа көрмеде – 5 жастан 18 жасқа дейінгі ерекше қажеттіліктері бар балалардың шығармашылық жұмыстары. «Әділет» қоғамдық бірлестігі балаларының жұмыстары және 5 жастан 18 жасқа дейінгі аз қамтылған отбасылардан шыққан балалардың жұмыстары топтастырылған.

«Жаңа буын» қоры көрмелерді тұрақты түрде ұйымдастыруға дайын. Қор өкілдері де, галереяның өзі де оны қалай ұйымдастыруға болатындығы туралы идеяларын ашық жариялады. Өйткені, жас суретшілердің шеберліктерін дамыту өте маңызды. Осы бір ұйымдастырылған шараның өзі жас талапкерлерге қанат байлағанды еді.

• МӘСЕЛЕНІ МӘНІСІ

Мектеп директорлары неге тапшы?

Қарағанды облысы Қоғамдық кеңесінің көшпелі отырысында білім басқармасының басшысы Гүлсім Қожахметовадан мектеп директорларының тапшылығы жөнінде сұрады. Бір кездері басшылардың орын ауысып, тәжірибе бөлісуі болатын-ды. Ал, қазір 80-нен астам директордың креслосы бос тұр. Неліктен адамдар бұл лауазымға бармайды? Өңірдің бас педагогы осы өзекті сұраққа жауап беріп, оқу жылының басталуы жөнінде айтып берді.



Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қолданыстағы Заңға сәйкес, қазір мектеп басшысы жеті жылға дейін қызмет ете алады. Білім басқармасы бос жұмыс орындарын жариялайды. Кейін отбасылық жағдайға байланысты біреу кетеді, біреу басқа қалаға көшеді. Бірақ, бұл лауазымға мамандардың қызығушылық танытпауының басқа себептері бар және бұл тек жалақыға байланысты емес.

«Жалақыдан да басқа себебі бар. Атап айтсақ, қазір мектеп басшыларының жұмысы қиындап кетті. Көптеген адамдар жұмыс барысында сынға ұшырады. Бірқатары бұл лауазымға келгісі келмейді. Егер бұрын директорлар мұғаліммен және баламен жұмыс істесе, қазір мұғалімдер бір мақсатты топқа айналған. Балалар – екінші, ата-аналар – үшінші және қаптаған тексерулер. Мектептерге үнемі барып, тексерудің қажеті жоқ, керісінше, білім сапасына баса назар аудару керек. Осындай мазасыздықты ұнатпайтын мамандар

баршылық. Үнемі мұндай жүктемемен жүру, оны жеңу өте қиын, бұл қажытып жіберетін жұмыс», – деп бөлісті Гүлсім Қожахметова.

Гүлсім Шабданқызы оқу жылының басталуы мектептер, балалар мен ата-аналар арасында 34 апталық оқыту жүйесіне көшу салдарынан дүрбелең болғандығымен ерекшеленгенін, алайда, бәрі бір ізге түскенін айтты.

«Сонымен қатар, кешенді рәсімдер аясында мектептерге 820 педагог жұмысқа кіріскен. Орыс тілінде оқытатын мектептерде орыс тілі мен әдебиеті, сондай-ақ, математика мұғалімдерінің тапшылығы әлі де бар. Әзірге бастауыш сынып мұғалімдері де жетіспейді. Қазір оқытуда медициналық және инженерлік бейімділігі бар сыныптар, сондай-ақ, аграрлық бағыттағы agroskills сыныптары ашылуда. Педагогикалық мамандықтарға тусу пайызы өсуде. Қазір жазғы демалыс мәселелері де пысықталуда. Аймақта алдағы жазда екі балалар сауықтыру лагері салынуы тиіс. Қазір орын қарастырылып жатыр», деді басқарма басшысы.

• ОҚУ ОРДАЛАРЫНДА

Көп тіл білу – өркениет өрісі

Жаһандық ынтымақтастықтың жаңа дәуірі жоғары білім беру жүйесінде жаңа тренд – көптілділік мәдениетін қалыптастыруда. XXI ғасырдың білікті мамандарын даярлауда шетелдік сарапшыларды жұмылдыру – шет тілді білім беру саласында альма матері ретінде қарастыруға тұрарлық. Бұл дәстүр жалпы Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің Шет тілдері факультеті құрылғаннан бері жалғасып келеді.

Бұл сөзімізге шетелдік түрік тілінің оқытушылары Асуман Ерюн, Чидем Курт (Түркия), ағылшын тілінің оқытушысы Джулия Грэм (АҚШ), француз тілінің оқытушысы Матильда Виктория Гожон (Франция) куәгер бола алады. Оқитудың тілдік палитрасы – ағылшын, француз, итальян, түрік, қытай және жапон тілдерін қамтиды.

Бытырғы оқу жылының қорытындысы бойынша шетелдік әріптестермен және қазақстандық студенттермен жұмыста бірқатар инсайттарды талқылауға мүмкіндік туды. Оқытушылар Қазақстан туралы өз әсерімен бөлісіп, жоғары білім беру жүйесіндегі айырмашылықты атап, оқу орны студенттері таң қалдырғанын жасырмады.

Диалог мәдениеті мен тілі ұқсас түрік тілі мұғалімдерімен өрбіді. Қазақстанды таңдау олар үшін кездейсоқтық емес. Қазақстан мен Түркияның терең достық қарым-қатынасы, ортақ этникалық тамыры, өмірдің түрлі салаларындағы бірлескен жобалары жоғарғы оқу орнында бірлесе жұмыс істеуге оң ықпал еткен. Қарағанды университеті туралы Түркияның жоғары білім беру жүйесінде оң пікір бар. Бұл – академиялық ұтқырлық пен ЖОО-ның түрік университеттерімен ынтымақтастығының жемісі. Әріптестер білім беру жүйесінде бірқатар айырмашылықтар бар екенін атап өтті. Мәселен, Түркияда өз елінің азаматтары үшін тұрауына азамат соға алынғанымен, жатақханаларда тамақтану тегін. Студенттердің түрлі қажеттіліктеріне мемлекеттен пайызсыз несие қарастырылған. Түркиядағы университеттер автономды. Қорытынды аттестаттауды ұйымдастыруда айырмашылық бар. Оқытушының өзі инклюзивтілік қағидаттарына негізделген бақылау және өткізу форматын таңдайды. Мінез-құлықтың әдеби мен сабаққа жүйелі түрде қатысу қорытынды бағалауға әсер етпейді. Ал Қазақстанда бұл академиялық үлгерімді бағалау өлшемдерінің бірі. Түркияның жоғары оқу орындарындағы дәріс барысын оқу орнының әкімшілігі бақыламайды. Түрік әріптестеріміз біздің студенттердің қос тілділігі, көп жағдайда артықшылық екендігін әрі түрік тілін оқыту процесін жеңілдететінін мәлім етті.

Франциядан келген әріптес Матильда Виктория Гожан зерттеу себептері бойынша



Қазақстанды таңдапты. Өйткені Қазақстанда лингводидактиканы зерттейтін французиялық ғалымдар кемде-кем. Қазақстан халқының француз мәдениетіне деген қызығушылығы осы шет тілін үйренушілер санымен айқаталуда. Білім беру жүйесіндегі айырмашылық айтарлықтай. Францияда орташа студенттер тобы кемінде 40 студентті құрайды. Материалдық-техникалық қамтамасыз ету Францияда бірнеше есе жоғары деңгейде. Оқытушы мен студент арасындағы қарым-қатынас иерархия ережелерін сақтауға негізделген. Қазақстанда болса, оқытушы білім көзі ғана емес, тұтас академиялық қызмет барысында «сүйемелдеуші» екендігі аян. Франциялық әріптестіміздің қазақстандық студенттер көпұлтты ортаның шет тілді мәдениетке жастайынан қанық болғандығынан жаңа тілді оңайырақ меңгеретініне көзі жеткен. Олар бір тілден екінші тілге оңай көшіп, еркін сөйлейді.

АҚШ оқытушысы Джулия Грэм Fulbright Ela бағдарламасының грант иегері ретінде елді бай мәдениеті, дәстүрі және өзі үшін жаңа тілге деген жеке қы-

зығушылығымен таңдауға түрткі болды. Оның сөзінше, Америкада университеттер пәндерді таңдау жүйесі өзгешелеу. Өйткені АҚШ-та студенттер білім беру бағдарламалары шеңберінде пәндерді өздері таңдайды. Олар көбінесе оқу ба-

рысында белгілі бір топта оқымайды. Әріптесіміз студенттеріміздің ағылшын тілін меңгеру деңгейін оң бағалап, бұл оның педагогикалық қызметін айтарлықтай жеңілдеткенін айтты.

Жалпы, тіл меңгерушілердің кері байланысы деңгейлі екендігі шыныдық. Оқыту үдерісін ұйымдастыру, білім беру жүйесіндегі кейбір айырмаларға қарамастан, шетелдік әріптестер факультетте ұсынылатын білім беру қызметтерінің сапасы жоғары және халықаралық стандарттарға сәйкес келетінін, факультетте құзыретті профессорлық-оқытушылық құрам жұмыс істейтінін, білім алушы контингент шет тілін үйренуге ынталы екенін, ал екі тілділік пен көптілділік біздің студенттеріміздің айрықша артықшылығы екенін айтқандай.

Д.ЖОРАБЕКОВА,
Э.ТӘЖІБАЕВА,
Е.Бөкетов атындағы
Қарағанды университеті
Шет тілдер факультеті шет тілдерін
даярлау теориясы мен әдістемесі
кафедрасының аға оқытушылары



• САЛТАНАТ

Майталмандар марапатталды

Елімізде Еңбек күні осымен оныншы рет тойлануда. Еңбек адамына назар аудару, оны насихаттау Мемлекет басшысының тапсырмасынан кейін қолға алынды. Президент бытырғы «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» Жолдауында: «Кәсібилік пен еңбекқорлық қоғамымызда ең жоғары орында тұруы қажет. Елімізде еңбекқор адам, кәсіби маман ең сыйлы адам болуға тиіс» деген еді. Біздің қоғам үшін түрлі салада нәпақасын тауып жүрген әр еңбек адамы маңызды. Оның ішінде үздіктері мереке қарсаңында арнайы марапаттарға ие болды. Кеше «Еңбек жолы» республикалық конкурсының өңірлік кезеңінің қатысушылары құрметтелді.

Жансая ОМАРБЕК, «Ortalyq Qazaqstan»

— Еңбек күніне орайластырылған шара еңбек озаттарының жетістіктерін атап өтіп, олардың еңбегінің маңызды екенін көрсетеді. Еңбек мамандарын өскелең ұрпаққа үлгі ете білуіміз керек. Бүгінгі шараға әр саланың маманы жиналып отыр. Өндірісте, әлеуметтік бағыттағы талмай еңбектеніп жүрген қарағандылықтар марапатталды, — дейді Қарағанды қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Жанай Ысқақов.

Жанай Боранқұлұлының айтуынша, конкурстың өңірлік кезеңіне қатысуға ниет білдіргендер баршылық. Арнайы комиссия соның ішінде 20 қатысушыны іріктеп алды.

— Өлемде орын алып жатқан өзгерістердің барлығы адамның еңбегімен жасалады. Еліміздің өсіп-өркендеуі мен жемісті дамуының негізгі тетігі — еңбек адамы. Сондықтан, кез келген мамандық иесіне құрметпен қарауымыз



керек, — деді Жанай Ысқақов.

Мереке қарсаңында марапатқа ие болғандардың арасында №25 жалпы білім беретін мектептің физика мұғалімі Мейрамқұл Әбеуова да бар. Мейрамқұл Әшімқызының еңбек өтілі — 42 жыл. Өулетте педагогикалық бағытта еңбек етіп жүрген отбасының басқа да мүшелері бар екен.

— 1981 жылы оқу бітіргеннен кейін оқу орнында қалу туралы

өтінішке қарамай, өзім туған Шет ауданы, Нұраталды ауылына барып, еңбек жолымды бастадым. Мұғалім, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, мектеп директоры қызметтерін атқардым. Кейін қалаға келіп, педагогикалық қызметті жалғастырдым. Басқа салаға шақырса да мамандығымды қимадым. Өкем де ұстаз болған еді. Сол кісінің балаға деген мейірі мен қамқорлығын көріп өскен-

діктен, осы мамандық маған ерекше. Әпкелерім де ұстаз болған, қазір зейнетте. Менен кейін бауырым мен келінім — педагогтер. Өулетіміздің педагогикалық еңбек өтілі — 140 жыл, — дейді Мейрамқұл Әбеуова.

Евгений Штеер — өндіріс саласының маманы. «Asia Ferro Alloys» ЖШС бас директоры бірнеше зауыттың басын біріктіріп, компания құрып отыр.

— Біздің компания көпбейінді. Көмірді байыту, болат, шойын құюмен, жартылай кокс шығарумен айналысады. Онда 1700 адам еңбектенеді. Біздің жұмыс ауыр жұмыс түрлеріне жатады. Өзімнің мамандығым тау-кен инженері. Бұл компанияда құрылғаннан бастап, 2017 жылдан бері еңбек етіп келемін. Негізгі еңбек өтілім 20 жылдан асады, — дейді ол.

Барлық қатысушылар Қарағанды қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан үлесі үшін қала әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

Дәстүрге айналған шара адам баласын үздіксіз еңбек пен талпыныс қана ілгері жетелейтінін насихаттайды. Әрі адал еңбегімен еліміздің дамуы мен өркендеуіне өлшеусіз үлес қосып жүрген жандарға деген құрметтің көрінісі саналады.

Суретті түсірген **Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ ҚАРАҒАНДЫ**

• «АДАЛ АЗАМАТ – АДАЛ ЕҢБЕК»

Кеншілер әулеті: екі ғасыр, төрт буын

Кеншілердің жеті қат жер астына түсерде, үйімен қолтастып шығатынын білемісіз? Осы бір сәтті кеншілер отбасы жан-тәнімен түсінеді. Үйінде қалған жандар кенші ағасының, я болмаса әкесінің, баласының жер бетіне аман шыққанын тілеп отырады. Қанша қатермен бетпе-бет келеді, қауіптен аман қалады. Әрі қарай жұмысын жалғастырады. Еңбек те, ерлік те — бұл.

ұлы маман арғы аталарынан келе жатқан еңбек жолын жалғағанын абырой санайды.

— Атамның үлкен үш ағасы, одан кейін үш ұлы шахтер болған мен үшін бұз ізді жалғау абырой



Қасымхан БҮРКІТҰЛЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Кеншілер астанасында тағдырын жеті қат жер астымен байланыстырған осындай отбасы да, әулет те жетіп артылады. Атасының жолын жалғаған бала, ағасының ізінен ерген іні. Осылай еңбек жолы сабақтаса береді. Біздің өңірде мұндай үрдіс дәстүрге айналған. Солардың қатарындағы Нұрбекөвтер әулеті аса құрметпен аталады. Өулеттің еңбек жолы екі ғасыр. Арғы аталарынан бастап, қазір немерелеріне дейін тау-кен өндірісінде.

Абай қаласындағы ардагер кенші Алпысбай Тұрсынұлы бар. Алғашқыда механизатор мамандығын алған ол әкесінің жолын қуып, шаруашылыққа қарай бет бұрады. Трактор, комбайн тізгіндейді. Қазіргі Үштөбе ауылында. Кейіннен кенші болуды ұйғарады. 1965 жылы алғаш шахтаға түседі. Шахта басшылығы әуелі жігерлі жасты алты ай электрослесарь мамандығына оқытып алады. Содан бері Абай қаласындағы №6 учаске шахтасында табан аудармай отыз жыл еңбек етеді. Сол жерден құрметке бөленіп, зейнетке шығады.

Алпысбай ақсақалдың әкесі ғана агросалада еңбек еткенімен, әкесінің бауырларының барлығы Қарағанды шахтасында жұмыс істеген. Оны қадірлі ақсақал былай есіне алады.

— Өкемнің Тұрабай, Қаппар, Баттал есімді үш бауыры шахтада

өмір бойы еңбек етті. Шамамен, 35 жылдай. Ол кезде зейнетке 50 жастан шығатын еді ғой. Үшеуі де бір жерде. Сонау сәттегі бейнетті сөзбен жеткізе алмаймыз. Бала кезімізде көзбен көрдік. Қолдарына күрек, қайласын алып, жаяу жұмысқа кетеді. Қазіргідей техниканың түр-түрі жоқ. Барлығы адам қолымен қазылды. Нағыз қажырлы еңбек қайраты мол сол ағаларымдікі. Соны көріп өстік. Қара жұмыстан қашпайтын едік. Менің жолымда кейін балаларым жалғады, — дейді Алпысбай ақсақал.

Алпысбай ақсақалдың Қуаныш, Жақсылық, Жақан есімді ұлдары да әкелерімен бірге Абай шахтасында еңбек етті. Шахта жабылғанша. Бала кездерінен кенші болуды армандапты.

— Балаларым ізімді жалғағысы келді ме, жер астындағы жұмыс қызықтырды ма, әйтеуір, үшеуі де мен жұмыс істеген шахтаға тұрды. Арасында әскерлеріне де барып келді. Үжнның ауылынан 3-4 шақырымдық жұмысқа жаяу барамыз. Келіншегім мен қызым аман-дығымызды тілеп, күтіп отырады. Сөйтіп жүріп, зейнетке шықтым. Балаларым шахта жабылғанша 10 жылдан аса еңбек етті. Кейін Абайға орнығып қалған соң шахтадағы жұмыстарын әрмен қарай жалғамады. Бағыттарын басқа салаға бұрды, — дейді Алпысбай ақсақал.

Қазір атасының жолын қайта жаңғыртқан Ораз есімді немересі бар. Оның да еңбек өтіліне он жыл толыпты. Абай шахтасында проhodшылар бригадирі. Мақта-

десек те болады. Жер астында жұмыс істеп жүргеніме 10 жылдан асыпты. Осы жерде жүріп, отау құрдық. Үй алдық. Үш кішкентайымыз бар. Барлығы — еңбектің арқасы. Кеншілер әулеті екеңімізді есіме алсам, бойыма үлкен күш бітеді. Өкем де шахтада 10 жылдан аса уақыт істеді. Атам «Атанның, әкенің жолын қуаң, жаман болмайсың. Кеншінің әр күні берекелі. Бағылдық — басты орында. Жер астына түсу үшін екінші тыныс керек. Сондай болсаң, елге пайдаң тиеді», деп бала кезімде жиі айтатын, — дейді Ораз. Атаның ақылын тыңдаған ол қазір ұжымына сыйлы һәм беделді кеншілердің бірі.

Әкелерінің еңбек жолын абыроймен жалғаған Алпысбай ақсақалдың тау-кен саласындағы төккен тері ескеріліп, Еңбек Ері төсбелгісімен марапатталған. Мұның сыртында басқа да қаншама мадақтама, Алғыс хат жетіп артылады. Бәрі — адал еңбегінің арқасы.

Ал, ақсақалдың өзі былай маркаяды: «Шахтер деген қандай, ә? Мақтанарлық мамандық. Біздің әулетіміздің бірнеше буыны жер астында еңбек еткеннің арқасында, міне, мейманамыз тасып, абыройды аспандады. Аллаға тәубе!».

Ақсақал Аллаға шүкір, қуаты. Үш ұл, бір қыздан 10 немере, 11 шөбере бар. Қазір еңбектің зейнетін көріп, бала-шағасының шаттығына кенеліп отыр. Қадірлі кеншінің «Енді, осы еңбек жолымызды шөберемізден біреу жалғаса» деген ізгі тілеуі бар.

• ЕҢБЕГІМЕН ЕҢСЕЛІ

Игілік. Абырой. Даңқ

Адам баласының өмірі қарап отырсақ, еңбекпен өтеді екен. Туғанынан бастап, жүргені де, мектепке барып сабақ оқығаны да, мамандық алғаны да еңбекке жатады. Оның жұмысқа тұрып, маман болуы ғана емес әр талпынысы — еңбектену. Алайда, біздің қоғамда еңбек жолын оқу бітіріп, бір кәсіпті меңгеріп, қызметке араласқаннан кейін есепке алу тәртібі қалыптасқан. Егер осы үдеден шығатын болсақ, 41 жылдық еңбек өтілі — бір адамның саналы ғұмыры деуге негіз болары хак. Х.Мақажанов атындағы көпбейінді аурухананың оториноларингология бөлімінің меңгерушісі, облыстың штаттан тыс бас отоларингологы Нұрлан Құлмағанбетовтің еңбек жолы ширек ғасырға жалғасын келеді.

Жансая ОМАРБЕК, «Ortalyq Qazaqstan»

1982 жылы Қарағанды медицина университетін бітірісімен, Ақтоғай аудандық ауруханасында хирург еңбек жолы басталады. Бес жылдан кейін Балқаш қалалық атқарушы комитетінің шақыруымен сонда ауысады. Ол жерде сегіз жылдай ЛОР-хирург болып еңбек етеді. Одан бергі уақытта — Қарағанды қаласында. Наукастың дертіне дауа табуға себепші болып келе жатқанына — 41 жыл. Өзі медицинаны мектепте оқып жүргенінен қалағанын айтады.

— Дәрігерлерге деген құрмет бұрын жоғары еді. Соны көріп жүріп, медицинаға қызықтым. Біреуге көмегім тиіп, олардың жүзіндегі ризашылықты көрсем ғой деген арман мені осы салаға алып келді. Содан бері мыңдаған адамға операция жасаған шығармын, санағаным жоқ. Бірақ, менің офперациямнан, не ефмнен кейін бірде-бір науқас қайтыс болған емес. Өмірлік жолымды бағамдасам, ең зор мақтанышым осы екен. Адамға пайданды тигізу, олардың сенің еңбегіңді бағалауы, алғысы жан дүниене рахат сыйлайды. Сол сезімді қайта-қайта сезіңгің келеді, — дейді Нұрлан Құлмағанбетұлы.

Осынша жылда алдынан өткен шәкірттерінің санын дәрігердің өзі білмейді. Десе де, көп екені анық. Қазірдің өзінде үш курсты қоса алғанда 50 шақты резидент оқып жатыр. Олар оқуын бітіргеннен кейін Қазақстанның әр аумағына бөлінеді. Оның алдындағысы қаншама. Одан бөлек, бөлімшедегі дәрігерлер де Нұрлан Құлмағанбетұлын ұстаз санайды.

— Осындағы жұмыспен қатар, Қарағанды медицина университетінде сабақ беремін. Бөлімшеде сегіз

дәрігер бар. Қазір көп операцияны олар өздері жасай береді. Тәжірибе жинақтап жатыр. Кезінде менің де Ақтоғайда Қуат Рақымжанұлы деген, кейін Балқашта ЛОР ісіне баулыған Жұма Шаяхметов деген ұстаздарым болды. Солардан көп нәрсе үйрендім. Өмірімде осы екі адамның болуы — менің бағым, — дейді ол өткенді еске алып.

— Хирургия қиын сала, — деді ол бір кезде. — Еңбек жолымда түрлі жайттарды бастан өт-

ешқайда бармайды. Микроскоптар, эндоскопиялық баған қолданылады. Баяғыдағыдай кесіп, оны тігіп жатпайсың. Кішкентай ғана тесік арқылы түрлі ата жасай аламыз, — дейді дәрігер.

Өзі біліп қана қоймай, шәкірт тәрбиелеп, сол білімін өзгеге үйрету сауатын істердің қатарынан. Нұрлан Құлмағанбетұлы адам жанын арашалайды әрі ұстаздық етеді. Осы жылдар ішінде талай марапаттың иегері атанды. Денсаулық сақтау министрінің



кердім. Хирург болып алғаш жұмыс жасап жүргенде соқырішек болған баланы әкелді. Жарылып, ішінде перитонит болып кеткен. Соны тазаладық. Сарайдан құлап, өкпесін темір тесіп кеткен шопан келді. Ол да аман қалды. Ол заманда қарай салатын интернет жоқ, кітап ақтарамыз. Ұстаздарым да көп көмегім берді.

«Елу жылда ел жаңа» дейді емес пе? Қазіргі жас мамандарда барлық мүмкіндік бар.

— Мен еңбек жолын бастағанда ескі әдістер еді. Қазір барлық жағдай бар. Мысалы, лор комбайн наукастың барлық ауруын анықтап бере алады, адам

Құрмет грамотасына ие болып, «Алтын дәрігер» төсбелгісі, «Денсаулық сақтау ісінің үздігі» төсбелгісін таққан. Олардың ішінде Нұрлан Құлмағанбетұлына «Еңбек ардагері» наградасының орны ерек. Ол еңбекте жоғары нәтижелерге қол жеткізген, бір салада 10 жыл, жалпы еңбек өтілі 40 жылдан астам озат жұмысшыларға беріледі. Дәл Нұрлан Құлмағанбетұлы секілді.

— Медальдің екінші жағында «ИГІЛІК. АБЫРОЙ. ДАҢҚ» сөздер жазылған. Адам өз ісінің шебері, білікті маман болса, игілік те, абырой мен даңқ та өзі келеді екен, — дейді ол.



• ҰЛТ ПЕН РУХ

Қоршаған орта

Серік АҚСҰҢҚАРУҰЛЫ

(Басы газеттің №№ 86, 89, 92, 95, 100, 103 сандарында)

Бисмарктың күмәнді бір ойы

Орыспен жасалған кез келген келісім соны жазған қағаздың құнына да тұрмайды.

Кембағал

Майя Плисецкая: «Меня тошнит, когда человек другой национальности без акцента говорит на моём языке!», – депті бір сөзінде.

«Сенің ұлтың баспақ емес, басқа ел сенен асқақ емес! Өзгеден өзінді кем көрсең, кембағал боларсың!» – деген сөз ғой бұл.

Америка

«Біздің ауылдың азаматтарының қас жауы – АҚШ! Бірақ, Америкада болған біреуі жок...»

Ойланатын сөз екен...

Сталин мен Жамбыл

«Осыдан оншақты жыл бұрын – деп жазады Мұхтар Мағауин Мәскеуде әріптестерімен бас қосқан отырыста бір үлкен орыс жазушысы:

– Сіздер Жамбылды әлі құрметтейсіздер ме?! – деді. Мен айттым:

– Құрметтеп жеткізе алмай жатырмыз, бағасын бере алмай жатырмыз.

– Қалайша?! Ол Сталинді мақтаған ғой! – деді. Сонда мен айттым:

– Сталинді XX ғасырдың ұлы ақыны Анна Ахматова мақтаған. XX ғасырдың ұлы жазушысы Пастернак мақтаған. Бүкіл дүние таныған Мандельштам мақтаған. Басқаларын айтпай-ақ қояйын, – дедім – Бірақ солардың бәрінен де Жамбылдың арнауы артық болды. Өйткені, Жамбылдың ақындық таланты артық еді» (М. Мағауин, «Қағанат». Алматы – 2002, 10 том, 185-186 бет).

Машановтың бір ерлігі

Сексенінші жылдардың соңы, тоқсаныншы жылдардың басында Өзбекстан Компартиясының бірінші хатшысы И.Кәрімов Ақжан Машановты қонаққа шақырып, асты-үстіне түсіп, бәйік болады. «Не қаласаңыз, соны алыңыз! Ташкеннің жартысын берейін! Өзбек Сізді алақанына салады! Тек, әл-Фараби өзбек деген бір ауыз сөз айтсаңыз болады?!» – дейді.

Ахаң көнбегті! Қазақ сол Аханды да ұмытып барады...

Геноцид

Мына дүние бейбіт заманда, 1932-1933 жж. 4 млн. қазақты, 4-5 млн. украинды қырып тастаған Совет Одағы туралы неге жақ ашпай отыр? Украинада, бертін-

де, 1946-1947 жж. тағы да біраз адам аштықтан жер құшқан.

Украина Жоғарғы Радасы 2006 жылы осы елге қарсы жасалған Геноцид туралы айыптау актісі сынды арнайы заң қабылданды.

Қазақ ше? Аштықта бізден қанша миллион қырылды?!

Қазақ тарихында түк тақсірет болмағандай әлі үнсіз...

«Тәңірдің берген өнері...»

(«Әдебиет порталы.»

Интернет-конференциядан)

Талант

Христиандардың «Көне өсиетінде» – бір тәмсіл бар. Төрт құбыласы түгел бір ауқатты кісі үш құлға «Талант» деп аталатын үш саф алтын үлестіреді. Біреуі оны жерге көміп қояды. Екіншісі оны түкке тұрғысыз бір нәрсеге айырбастап жібереді. Үшіншісі оны әспеттеп, құндап, ел игілігіне айналдырады.

«Ижілден» тараған осы «Талант» деген сөз кейін Тәңірінің пендесіне тартқан қасиетті сыйы деген ұғымға айналған. Бұл, ұлттық руханиятта – сонарға құлаш ұрып, соны дүниені ашу деген сөз!

Тәржіма

Бір елдің мықты қаламгерін екінші жұрттың орташа бір жазарманының тәржімалауға моральдық хақысы жоқ! Пушкинді – Абай, Лермонтовты – Қасым, Дантені – Мұқағали, Есенінді – Ғафу, Андрей Вознесенскийді – Жүмекең аударған.

Социологияда «орташа шаруа» деген түсінік бар. «Орташа жазушы» деген түсінік болмауы керек! Санасын осындай ұғым жайлаған елдің әдебиеті күндердің күні тоз-тоз болады!

Ақынның орны

Ақындарды бір-бірімен салыстыруға болмайды. Әдебиетте әрбір талант иесінің өзіне лайық орны бар. Біреудің орнына екінші біреу отыра алмайды! Абай – Алаштың Алладан кейінгі пірі! Мағжан – күллі түркі дүниесінің Тұрандай тұңғыық әлемі! Қасым – бодан кезімізде босағада қалған қазақ жырын Алаштың төріне шығарған ардағымыз! Қалдыр – ұлттық интеллектуалдық поэзияның көш басы! Тұманбай – қазақ жырының ғана емес, бүкіл дүниежүзілік махаббат лирикасының һас шебері! Төлеген – көне жыраулар поэзиясының ұмытылуға айналған ыршыған ырақтарын қазақ өлеңімен қайта табыстырып, көне дәстүрді көз алдымызда жаңғыртқан жампоз! Өтежанның «Соғыстың соңғы жазы» – адамзаттың трагедиялық поэзиясына қосылған айтұлы үлес; Фариза – ұлттық қана емес, әлемдегі әйелдер поэзиясының падиша-

сы; Кеңшілік пен Жұматай – отар кезімізде тілі сақауланып, орыстана бастаған қазақ поэзиясына ұлттық уызды қайта емізіп, төлтума поэияны қалыптастырған ерен құбылыстар!

Дін мен діл

Түркістаннан келіп, Жыланды тауын жайлаған Таубайдың тоғыз ұлы Арқадағы жұрттың басын сәждеге тигізген екен. Менің шешем Халифа соның Рамазан деген ұлының жалғыз қызы. Ислам идеясы менің жан дүниеме анамның ақ сүтімен құйылған. 1999 жылы менің қолыма Валерия Порохованың «Коран. Переводы смыслов» деген кітабы түсті. Оның алдында И.Крачковский, Э.Қулиев, Г.Саблуковтар мен Халифа Алтайдың тәржімаларын оқыған едім. Порохованың аудармасы мені еліктіріп әкетті. 1999 жылдың 31 желтоқсаны күні Құранның жеті сүресі өзегімнен өлең болып шығып, қағазға түсті. Екінші жүз жылдықтың ауысар тұсы екен. Жаңа жылды қарсы алуға шешем келген. Оқып бердім. «Құранды – Құдайдың сөзін аударуға бола ма?!» – деді аң-таң қалып.



Мен тәржіма кітаптарды алдына қойдым. Үнсіз жымиды... «Қарқаралыда қырық көп өсегім бар, алпыс қабын қалдырғам Ақтағайда» – деген өлеңім есіне түсті-ау деймін, қанқу-әңгімесі көп ұлдың Құдай жолына бет бұрғанына қуанып кетті.

Қазір ұлы нағашым Әзірет Сұлтан – Қожа Ахмет Яссауи хақындағы бір ұзақ жырдың толғанысында жүрмін.

Абайда «толық адам» деген сөз бар. Меніңше, қолына кемел адам ғана қалам алып, ала қағазға телміруі керек. Шала сауатты, «Кеудесі толы құлы ой, адамның надан әуресі» (Абай) қолына қалам ұстап, ақ қағазды шимайлай бастаса, халықтың мыы ашып кетеді...

Ала қағаздың алдында отырған адам өзін Алланың алдында отырғандай сезінуі керек-ті. «Адамшылықтың алды – махаббат, ғаділет сезім – дейді Абай. Сол Алланың хикметін біреуден біреу анығырақ сезбекпен артылады». Поэзия деген, меніңше, осы – Алланың хикметін сезіну! Абай сезген Алланың осы хикметін Мағжан да, Қасым, Мұқағали да сезді...

Адам баласы қайтсе де Алланың алдына бір бармай қоймайды. Бұл дүниеде бармаса да, о дүниеде барады.

Аспан, қара жер, қара өлен

Аспанда (қол жетпес, көз жетпес дүниеде дегенім ғой) – Алла. Қара жерде – Халық тұр. Қара бала мен қара қазанның қамы қара сиядан ақ қағазға қара өлең болып төгіледі. Ақынның ең ғажайып лирикасы – Азаматтық Лирика. Ең әуелі Азамат болып ал! Сонсоң, – Ақын боласың... Ұсақ-түйек күлді-көмеш пен-деден ақын-жазушы шықпайды. Арызқой шығады... «Пәлен деген – мықты ақын, бірақ кісілігі нашар» деген сөзге менің күлкім келеді. Тобыр Пушкинді – Пушкин хақындағы алып-қашпа қаңқу сөз, анекдоттармен бағалайды. Халық оны поэзиясынан таныған. Мұқағали да сондай.

«Сізге қара жер жақын ба, әлде, аспан жақын ба?!» дейді Маржан қарындасым. Қара жердің шаруасы шаш етекпен әлі. Қазақ Елі – тәуелсіз! Мәңгілік Ел болуы керек! – деген ойдан басқа ой болмауы керек бізде.

Ақын мен қоғам

Ақынның жұмыс орны – жазу үстелі. Ол ешкімді жағасынан ұстап, көшеге сүйреп шығара алмайды! Алланың оны маңдайына жазған жалғыз миссиясы – өзінің шері мен шеменін, шаттығы мен күмәнін жырға орап, жаланның жарығына шығару. Соны жүрегiмен сезiнген жұрт көшеге шыға ма, жоқ, әлде, ас үйде отырып, «төңкеріс» жасай ма, бұл – әркімнің өз шаруасы.

Мұхтар Мағауин Қазақстан Жазушылар одағының бір құрылтайында «Қазақстан Жазушылар одағы совет өкіметі кезінде қазақтың ұлттық партиясының рөлін атқарды» деген. Қазақстанның төбесіне қобыз тартқан Колбиннің өзі қазақ қаламгерлерінің алдында дірілдеп тұрған заман болған...

Қазір – басқа заман.

Интеллектуалдық поэзия

Қазақтың интеллектуалдық поэзиясының көш басы – Абай. Оның тереңіне біз әлі бойлай алмай жатырмыз. Бойлауға шама-шарқымыз жетпей жатыр. Немісте

И.Гете деген ақын болған.

Бергі заманға келейік. Орыста Андрей Вознесенский деген ақын бар, – XX, XXI ғасырдың ұлы ақыны. Біздің Жүмекен Нәжімеденов қандай!

Оның оқырманы қашан туады?!

Ақын оқырманның алдында жүруі керек. Демьян Бедныйлар салпақтап, соның соңында қалып қойды...

Халтура хақында

Ол Гомердің заманында да болған. Қазір де баршылық. Алда да бола береді. Бір жаманы – солардың бәрінің кеудесі аяққаптай...

Қазақстан Жазушылар одағының мүшелері сегіз жүзге тақап қапты. Он алты миллион қазақтың бір миллионы ақын-жазушы болады әлі! Осы одақты бір сілкіп алатын кез келді. Оның шаңы ұшса, ұлттық руханият бірсыпыра тазарып қалар еді. Жазушының қабілеті оның қалтасындағы билетпен өлшенбейді. Шығармасынан көрінеді.

Қанқу мен өсек жөнінде

«Орталық Қазақстанда» «Көкейкесті», «Ұлт пен Рух» айдарымен жарияланған публицистикалық дүниелерімді жинақтап көрсем, 70-80 баспа табақтан асып жығылады екен. Бұл газетте мен ұлттық тәуелсіздігіміздің көкейкесті мәселелерін көтердім. «Іштен шыққан шұбар жыланның» көзге бәрі ыстық. Таяуда шыққан таңдамалыма сол эсселерімнің бес-алтауын ғана кіргіздім де, қалғанын архивке жібердім.

Мен әрбір дүниеімді, образға орап айтқанда, отыз күн ойланып, тоғыз күн толғанып, кітаптан кітап ақтарып, интернетке телміріп, ақ қағазға әзер түсіремін. Ала қағаз – қасиетті!

Ақынның алдында – Алла, арқасында – Аруақ, осы екеуінің арасында Алаш тұруы керек! Мені Темірхан мен Ұлықбек, Жәркен мен Есенғали сынаса, ойланар едім. Уайымдар едім... Қайдағы біреулердің қанқу өсегіне қарымға қайтарып, жауап беріп жатуға менің уақытым жоқ.

Ақын болсам дейтін адам ең әуелі Пушкиннің «Ақын мен тобыр» деген жырын жатқа оқу керек. Поэзия – Құдаймен сөйлесу! Дантенің «Тәңірінің тәлкегі» – жұмыр басты пенде мен Алланың арасындағы диалог: Тобырға Дәлдүріш қандай керек болса, Халық та, Ақынға сондай зәру! Дәлдүріш Тәңірімен сөйлесе алмайды. Пендемен сөйлеседі... Пенденің тілін тауып, пендені Тәңірге теңеп, марапаттайды, өзінің хайуандығына өзі мәз болып, өзге хайуанды соған тәңгі етеді...

Олжас, ел не десе о десін, біздің заманымыздың ұлы ақыны: «Поэт красивым должен быть как Бог, Кто видел Бога? Тот, кто видел Пушкина!» – деген! Мұқағали Пушкиннің Мәскеудегі ескерткішіне қарап тұрып: «Ақынның ақындығы атақта емес, Ақынның ақындығы – арда ғана!» дейді!

Ақын-жазушы болам деген қаламгердің жазу үстелінің үстінде Пушкиннің «Ақын мен тобыр» деген жыры мен Абайдың «Тәңірдің берген өнері...» деген өлеңі жатуы керек.

(Жалғасы бар)

• ТАҒЫМ

Аю батыр ардақталды

Арқада кейінгі ұрпақ тәу етер талай тарихи орындар бар. Соның бірі – Ақтағай ауданы Нұркен ауылдық округіне қарасты Қоянқоз ауылына жақын жердегі қаһарман тұлға Аю батыр кесенесі. Елге тұтқа болған батыр кесенесі биыл ұрпақтарының қолдауымен тұрғызылып, ескерткіш белгі орнатылып, ас берілді. Онда дарабоз ердің ордасында қазақ жеріне тиген жауға қарсы шайқасқан батыр бабалардың бірлігі жайлы баса айтылды. Баһадүр рухына құрмет таныту шаралары баяндалды. Еліне қалқан болған ер туралы көркем фильм түсіру сынды бірқатар шара жоспарланды.

Нұрдос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Батыр кесенесінің ашылуына қатысқан Ақтағай ауданының әкімі Руслан Кенжебеков батырдың елге ортақ екендігін атап өтті.

– Батыр бабаларды ұлықтау қазақ жастарының рухын көтеру, ұлттық патриотизмнің өсіру, өткен тарихымызды білуіне ықпал етеді. Қазақ елінің тәуелсіздігін арман етіп, басын бәйгеге тігіп, жан аяпай күресіп отыған батыр аталарымызды тану – асыл парызымыз. Кеңпейілді, қонақжай ұрпақтары ауызбірлігі мықты екендігін танытып, ерекше іс тындырып жатыр. Көпшілік қауым болып, бір женнен қол, бір жағадан бас шығарып, батыр кесенесін тұрғызуға, ауызбірлік көрсетіп, қолдау білдірген азаматтарға алғысым шексіз, – деді Руслан Кенжебеков.

Шарада аудан әкімінің Құрмет грамотасымен Манарбек Алтынбеков, Төлеуқұл Шоланұлы, Айдар Аманбаев, Қайырбек Алтынбеков, Арман Қалиев, Саламат Қайырбекұлы, Дәулет Жанбаев және Алғыс хатпен бірнеше адам марапатталды.



кен рухани жаңғырудың айқын бір көрінісі десе де болады.

Тойдың ресми бөлімі мәресіне жеткен соң келген ақтарқар бабалар рухына бағышталған асқа жиналып, Құран оқылды. Батыр жайлы естеліктер айтылды. Жиналған қауым бұдан кейін спорттық және мәдени іс-шараларды тамашалады. Мұнда «Тоқырауын толқын» халықтық ән-би ансамблінің, «Қарқаралы» тобының шығармашылық концерті жұртшылық назарына ұсынылды.

Қазақ тойының көркі қашанда күрес пен бәйге ғой. Түйе балуандар бәсекесі қызып, апайтөстердің актық айкастары елдің ерекше есінде қалды. Қарсыласын шақ келтірмеген Босаға ауылынан Олжас Шынкеев тойдың «Түйе Балуаны» атанып, жүлдеге тігілген 500 мың теңгені ұтты. Екінші орынға

Айбат Сейтенов, үшінші орынға Азат Рысбек тұрақтады.

Тойшыл қауымның делебесін аламан бәйге қоздырды. 30 шақырымда Қазақстанның әр оңынан желмен жарысқан кіл жүйріктер жарысты. Мұнда да жергілікті азаматтар көліктен бастап, бесінші орынға дейін қаржылай жүлде берді. Аламан бәйгеде өзгеден оқ бойы озық келген «Айқасқа» атты жүйіріктің иесі, Қордайдың атбегісі Болат Валиев бас жүлдеге тігілген автокөлікті еншіледі. II орын Ортаудан келген «Кікі» атты аргымакқа бұйырды. Ат иесі Ердос Еркен I миллион теңгені қанжығасына байлады. III орынға тігілген 500 мың теңгені 56 разьездің тұрғыны Мергенбай Сәдуақасовтың жүйірігі еншіледі.

Ақтағай ауданы



• АРТ-МАРАФОН

Кітап – таным мен тағылым

Қарағанды облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының қодауымен Н.Гоголь атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының ұйымдастыруымен «Шеберлер клубының» 10 жылдығына арналған «Шығармашылықтың сиқырлы әлемі» облыстық сәндік-қолданбалы өнер Арт-марафоны өтті.

Жан АМАНТАЙ, «Ortalyq Qazaqstan»

– Мақсат – кітапхананың адам өміріндегі ролін көрсету. Тұрғындарға бұл жердің рухани танымдықа бастайтын алаң екенін жеткізу және олардың ұлттық сәндік-қолданбалы өнерге деген қызығушылығын арттыру. Марафонға жалпы 16 жастан асқан облыс тұрғындары қатысты. Олар – мектеп, колледж оқушылары. Сонымен қатар, мәдениет және білім беру мекемелерінің қызметкерлері, – деді кітапхананың бөлім басшысы Балжан Оспанқұлова.

Расында, аталған шара кітапсүйер қауымға өте тиімді болды. Тіпті, марафонға қатысушыларды ынталандыру мақсатында оларға ата-лұмдар бойынша түрлі сертификат пен дипломдар да қарастырылған.

Марафонға Қарағанды, Саран қаласының және Нұра, Абай, Шет, Қарқаралы аудандарынан 40-қа жуық қатысушы қатысты. Жалпы, сайыс 7 номинация бойынша өтті. Мысалы, «Сәндік кескіндеме» номинациясының жеңімпазы болып, А.Ким танылды. «Көркем өрнектеу» номинациясының жеңімпазы О.Борщ болды. Ал, «Кізіден жасалған бұйымдар» номинациясы және «Шеберлер Клубы» мен «Ағаш ою» номинациялары С.Оразғұлова табысталды. Сонымен қатар, 23 қатысушыға да ынталандыру сыйлықтары таратылып, «Көрермен көзайымы» сыйлығы Шет ауданының қатысушысы Феруза Кейкинаға бұйырды.

– Адамды үнемі рухани жаңғыруға жетелейтін осындай игі шаралар жиілеп ұйымдастырылса, мәдениеттің алға басқаны. Әрбір қала тұрғыны үшін бұл шараның маңызы ерекше. Сондықтан әр басылымды қолға алғанда сүйініп, сүйіп оқысақ, оның ішіндегісі бір күні көмек болуы ғажап емес, – деді жеңімпаз Феруза Кейкина.

«Кітап оқуды тоқтатқан адам ойлауды да тоқтатады» депті Ғабит Мүсірепов. Демек, кітап оқу адам миының қалыптасу жұмыс істеуін қамтамасыз етеді. Ғалымдардың, жазушылардың жасы біразға келсе де, өңін бермейтінін осыдан аңғара беріңіз. Яғни, кітап оқуды әдетке айналдырған адамның миы қартаймайды, үнемі қозғалыста тұрады. Сондықтан, осындай шараларды жиі ұйымдастырып, кітап оқуды дәстүрлі насихаттап жүретін кітапхана ұжымына дән ризамыз.

• БҰҚАР ЖЫРАУ ҚАЛҚАМАНҰЛЫНЫҢ ТУҒАНЫНА – 355 ЖЫЛ

Бұқар мұрасы – аманат

Қарағанды қаласы әкімдігінің қолдауымен Қазыбек би ауданы ардагерлер кеңесінің ұйымдастыруымен Бұқар жырау Қалқаманұлының 355 жылдығына арналған «Жақсының аты өлмейді» атты әдеби сазды кеш өтті. Бір ерекшелігі, шара қала ортасындағы Бұқар жырау ескерткішінің алдында ашық алаңда болды.

Жан АМАНТАЙ, «Ortalyq Qazaqstan»

Кеш барысында алдымен «Көмекей әулие» атанған Бұқар жыраудың өмірі мен шығармашылығы туралы айтылды.

– Бұқар жырауды білмейтін қазақ кемде-кем. Алайда, оның қай заманда және қандай миссия аркалап өткенін білмейтіндер баршылық. Жалпы бабалар өткен сара жолдың кейінгі ұрпақ үшін маңызы зор екенін осындай шаралар сараласа керек, – деді кешті жүргізуші Айтбай Жұмағұлов.

Жиналған қауым бірігіп, баба ескерткішіне гүл шоқтарын қойды. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Рымбала Омарбекова ауыздықпен ат

шалдырған бабалар мұрасына тоқталып, мұндай рухани тағылымы мол шаралардың жиілеп ұйымдастырылуын құп көретіндігін жеткізді. Сонымен қатар, акын Дәулетхан Сұлтан жалынды жыр оқып, шара қонақтарын одан әрі рухтандырып тастады. Ал, шәкірттері Бұқар жырау шығармаларының шоқтығы биік жырларынан шашу шашып, жиналған қонақтарға тарту етті.

– Өткен тарихымыз бен бізге мынадай бейбітшіліктің нендей күшпен келгенін болашақ ұрпақ білуі тиіс. Олар бүгінгі баба мұрасының құндылығын ұғынып, санаға түйіп келешекке аманаттауы тиіс. Қоғамның әр толқыны осыны өзіне міндет етсе, сонда ғана әлемдік деңгейде мәртебеміз биіктейді,



– деді Қазыбек би ауданы ардагерлер кеңесінің мүшесі, ардагер ұстаз Өзбек Бимендин.

ҚАРАҒАНДЫ.

• КӨРМЕ

Жарқын өмір жаршысы

Облыстық бейнелеу өнері мұражайында Арқа жұртының мақтанышы, атакты суретші Кәріпбек Күйіковтің жұмыстары қойылған. Халықаралық антидролық қозғалыс белсендісінің мұндағы портрет, пейзаж, картиналарынан қоршаған әлемнің сұлулығын нәзік сезінетін жүрегі мен жан дүниесінің кіршіксіз тазалығын көресіз.

Жәлел ШАЛҚАР, «Ortalyq Qazaqstan»

«Жарқын өмір хабаршысы» жеке көрмесінде 34 сурет ұсынылған. Олардың көпшілігі қарағандылық көзі қармақты көрерменге жақсы таныс.

Экспозиция суретшінің 55 жылдығы мен Семей полигоны жабылуының 30 жылдығына арналып отыр.

– Кез келген суретші үшін жеке көрме – мереке. Мұнда жаңа жұмыстар аз. Өзімнің суреттерімді әлеуметтік желілерде көрсеткеннен кейін оларды бірден сатып алады. Мен пейзаждарды салғанды жақсы көремін. Адам қолы тимеген табиғаттың сұлулығын көрсеткім келеді. Кейбір жұмыстарда өз эмоциям бар. Сонымен қатар, экология, ядролық полигон тақырыбы да назарымда. Менің арманым – өз галереямды ашу, – дейді Кәріпбек Күйіков.

Мұражай басшысы Бибігүл Құдабаева суретшіні алдымен Құдай берген таланты, еңбекқорлығы мен шығармашылық дамуы ерекшелендіреді деп есептейді.



– Кәріпбек Күйіков – ұдайы дамудағы шебер суретші. Ол антидролық тақырыпта да түрлі жұмыстар ұсынған. Ол өзін қоршап тұрған шындықты көрсетеді. Ол көптеген шет елде Атом жобасының елшісі ретінде ғана емес, әлемнің озық ойлы адамы, қайраткер ретінде де танымал. Оның барлық жұмыстары жер бетіндегі бей-

бітшілік үшін, – дейді Бибігүл Құдабаева.

2018 жылы Кәріпбек Күйіков Нобель сыйлығының номинанты атанды. Бұдан бөлек, оған «Ядролық қарусыз болашақ үшін» Халықаралық сыйлығы берілген.

Аталған көрме 1 қазанға дейін жалғасады.

• ЖОБА

Идеялар фестивалі

Қарағандыда «Террикон алқабы» IT-хабының ауласында nonFEST-тің алғашқы шығармашылық идеялар фестивалі өтті. NonFEST – бұл офлайн режимдегі маркетинг, жергілікті қарағандылық брендтердің жарменкесі. Мұнда қаланың шығармашыл жастары өздерінің креативті жобаларын ұсынды.



Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Шығармашылық фестиваль DataArt IT ұйымымен бірлесіп өткізілді. Бұл шара Қарағандыда креативті қоғамдастық құру және оны нығайтуды мақсат етті.

Фестиваль 3 тақырыптық аймаққа бөлінді. Біріншісі – Food тамақтану және демалу аймағы.

Екіншісі Creative аймағы, мұнда жергілікті шығармашылық ұжымдардың тегін шеберлік сабақтары өтті. Say My name студиясы шедеврлердің қалай жасалатынын көрсетіп, Dream way мектебі қазақ және ағылшын тілдерінде ұтыс ойынымен интерактивті тілдік курстар өткізді. Forever Dance Studio би студиясы ашық жаттығулар өткізді және сертификат ойнатты. Over Drive паркур мектебі де шеберлік сағат ұй-



ымдастырды және сертификаттар берді.

Үшінші аймақ Terricon Talks деп аталды. Мұнда «Террикон алқабының» және урбанистика орталығының командасы жиналды. IT және қаланың өзара әрекеттесуі туралы қызықты баяндамалар ұсынылды.

Мерекеде жергілікті музыканттар өнер көрсетіп, шараның шырайын келтірді.

– Қарағанды IT-хабы талантты жастардың ортасына айналды. Сондықтан біз олар өздерін көрсете алатын, қолдарынан келгенін бөлісетін фестиваль өткізуді жоспарладық. Би, тіл, паркур бойынша шеберлік сабақтары өтті. Барлығы инвестициясыз жасалды және адам ресурстарынан қолдандық. Көпшілік бізде керемет оқиғалар болмайды деп жатады, бірақ бұл өзімізге байланысты. Міне, бүгін біз осындай керемет дүние жасап, фестивалде бас қостық. Онда 15 қатысушы тіркелді. Бізде бәсекелестік жоқ, бас-

ты міндет – креативті қарағандылықтарды біріктіру, – дейді DataArt IT-компаниясының пиар-менеджері Әсем Сәдуабаева.

Фестивальге қатысушылардың бірі Нұғаму брендті болды. Олар қазақстандық өнердің танымалдылығын арттырады.

– Біз екі ай бұрын ашылдық. Футболка, шөпер, шұлық тігіміз. Өзіміз тігетін және басып шығаратын шеберханамыз бар. Бұл – біздің суретшілер салған авторлық жоба. Қазіргі қазақстандық суретшілермен ынтмақтастық орнатқымыз келеді. Көпшіліктің біздің өнімдерге қызығушылық танытатыны қуантады. Біз үшін брендті насихаттау ғана емес, қазақстандық суретшілерді, қазақ мәдениетін жаңғырту да маңызды, – дейді негізін қалаушы Людмила Федосенко.

Фестивальді ұйымдастырушылар оны жыл сайын өткізуді жоспарлап отыр.

ҚАРАҒАНДЫ

40 спортшы қатысады



Бүгін, 23 қыркүйек пен 8 қазан аралығында Қытайдың Ханчжоу қаласында XIX Жазғы Азия ойындары басталады. Сары құрлықтағы 45 елдің 15 мыңнан астам спортшысы 40 спорт түрінен 481 медаль жиынтығын сарапқа салады.

Қазақстан Ханчжоу қаласына 30 спорт түрінен 524 атлет (262 ер, 262 әйел) апарды. Олимпиада бағдарламасына кіретін – 27, қалған үшеуі – олимпиадалық емес спорт түрі.

Сонымен қатар, бокс, садақ ату, қазіргі бейсбол, жүзу, брейкинг, көгалдағы хоккей, теннис пен жеңіл атлетикадан Париж Олимпиадасына лицензия ойнатылады. Тэквондо, дзюдо, триатлон, бадминтоннан рейтингтік ұпайлар сарапқа салынады.

Аукымды құрлық додасына ел намысын қорғауға Қарағанды облысынан 48 адам аттанған. Арасында 8 бапкер мен 40 спортшы бар.

• ЭКОКРОСС

Желаяқтар жарыспақ

Теміртау қаласында 30 қыркүйекте 11:00-де дәстүрлі күзгі экокросс өтеді. Спорт мерекесі қала күніне арналып отыр. Быыл 1 қазанда Теміртаудың іргесі қаланғанына 78 жыл.

Жарысқа кәсіпқойлар да, 16 жастан асқан әуесқойлар да қатыса алады. Қашықтық – 5 шақырым. Тіркеу 28 қыркүйек, сағат 16:00-ге дейін жалғасады, қатысушылар лимитіне жеткенде ерте-рек аяқталады. Өтінім қалдырып, жарыстың ережесімен tk-temirtau.kz/экокросс2023 сайтында танысуға болады.

Старттық пакеттерді беру 29 қыркүйекте Бейбітшілік даңғылы, 96/1 («ТТК» кеңсесі) мекенжайы бойынша 09:00-ден 17:00-ге дейін өтеді. Басқа қалалардан келетіндер үшін старттық пакет жарыс күні сағат 08:30-дан 10:00-ге дейін «Восток» саябағындағы сахнаның жанында табысталады.

• ФУТБОЛ

Дарабаев не дейді?

Жерлесіміз, Қарағайлының тумасы «Астана» клубы пен Қазақстан Ұлттық құрамасының жартылай қорғаушысы Аслан Дарабаев сурокубок матчтарына дайындық туралы ой бөлісті.



«Сіз ұзақ уақыттан бері дайындалып жүресіз. Бұл – жаңға жайлы сезім. Үлкен ойындар үлкен дайындықты талап етеді. Бар күш-жігеріңізді салу арқылы белгілі бір нәтижеге қол жеткізген кезде жаныңыз ләззат алады. Бірақ, өмірде бәрі біз ойлағандай бола бермейді», – деді Дарабаев.

Еске сала кетейік, Хорватия астанасы Загребте конференция лигасының топтық кезеңі аясында жергілікті «Динамо» мен «Астана» клубы кездесті. «Максмир» стадионында өткен кездесу 5:1 есебімен «Динамо» командасының пайдасына шешілді.

Дайындаған Жәлел ҚУАНДЫҚҰЛЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

ORTALYQ QAZAQSTAN

Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі

МЕНШІК ИЕСІ: «Saryagda Aqragat» ЖШС

Директор – Қ.Ж. ӘБІЛДА

Директордың орынбасары – «Индустриальная Караганда» газетінің бас редакторы – О.В. МЯГКИХ

Директордың орынбасары – Г.Ш. ЖҰМАДІЛДИНОВА

Бас редактордың орынбасары – Қ.А. АЙТЖАН

Бас редактор – Е.К. МҮСАБЕК

Сайт редакторы – І.Д. МҰҚАЙ

Жауапты хатшы – Ж.Қ. ШАЛҚАР

Телефондар:

Бас редактор: 43-38-53

Бас редактордың орынбасары: 43-58-08

Интернет-редакция редакторы: 43-38-33

Жауапты хатшы: 43-49-72

Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:

Ақтоғай, Шет, Балқаш, Приозерск: 8-702-293-13-70

Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-777-073-71-13

Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай, Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

- Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
- Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
- Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
- Материалдың жариялану ақысы төленген ®

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 куәлігі берілді.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.

Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ. Әлімхан Ермеков көшесі, №33 үй.

Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru

Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru

Газет жеткізілмесе 41-26-82, 43-57-88 телефонна хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ

Есеп-шот: kz50826MOKZTD0003131, БИК KJVBKZXX БИН 000840001412

Таралымы 4 564

№106 тапсырыс. Индекс 65484

Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша

«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.

Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.

Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.

Кезекші редактор Жансая ОМАРБЕК